

«Алпамыс» бөбекжай бақшасы» КМҚК

«Көңілді түстер»

(ашық ойын іс-әрекет)

Тәрбиеші: Төрехан Аида

Тобы: «Білімділер бекеті»

Қызылорда, 2024 жыл

Тақырыбы: Көңілді түстер

Міндеті: Балалардың табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту.

Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (оңға-солға, жоғары-төмен),

-Диалогке қатысу үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беруге баулу.

Заттардың көлемі бойынша арақатынасын сақтай отырып, сурет салуға үйрету.

Барысы:

Балалар қарандаршы, менің алдымда сиқырлы қорапша тұр, бірге ашып көрейік иә? Балалар мұнда 7 түрлі түсті қалташа бар екен. Әр қалташада қызықты ойындар берілген екен, ойындарымызды ашайық.



Қызыл қалташада кемпірқосақтың суреті берілген екен.

1.Ендеше мен сендерге кемпірқосақ жайлы қызықты мәліметтер айтып берейін.

Кемпірқосақ қалай пайда болады?

Қатты жаңбырдан кейін сүйір бұрышпен түскен Күн сәулесі жаңбыр суынан немесе тұманнан, таңғы шықтан шағылады да ол сәуле сынып доға тәрізді кемпірқосақ пайда болады.

Кемпірқосақ 7 түспен бейнеленеді: қызыл, қызғылт сары, сары, жасыл, ашық көк, көк, күлгін.

Ендеше балалар орнымызға барып, үлкен қызыл доғаның суретін салып келейік.



2. Екінші қалташа – қызғылт сары түс. Балалар сендерге құрастырғыштың суреті шықты. Құрастырғыш бөліктерден өзімізге ұнаған затты құрастырамыз.



Кім не құрастырды?

Түсі қандай?



Жарайсыңдар балалар ендеше орнымызға барып, қызғылт сары түсті доғаны бояп келейік.

3. Үшінші қалташада қандай ойын бар екен, ашып көрейік. 

Сары түсті қалташа балалар сендерге бақаның көзіне қарап, бағытын анықтап, түсіне сәйкес орналастыр дейді.

Жарайсыңдар балалар, ендеше сары доғамызды барып сызып келейік.



4. Төртінші қалташа – жасыл түс, сендерге доппен, әуенмен бір серігіп алсын дейді.

Мен допты қай бағытқа лақтырсам сол бағытқа қарай секіресіңдер, жарайды ма? 

Ал ендеше серігіп алсаңдар, жасыл түсті доғаны салып келіңдер.



5. Бесінші қалташаның түсі қандай балалар? 

Дұрыс айтасыңдар, - ашық көк немесе көкшіл.

Ашық көк түсті қалташада балалар сендерге шыршаның суреті шығып тұр.

Қыс мезгілінде қандай мереке бар?

Жаңа жыл мерекесі. Жаңа жылда қандай ән айттыңдар?

Айтып берейікші қәне.

«Шырша жыры»



6. Алтыншы қалташа – көк түсті. 

Ондағы ойын балалар екі топқа бөлініп, карточкаға қарап станкандарды құрастырып ойнаймыз.

Жарайсыңдар балалар, ендеше көк түсті доғаны сызып келіңдер. 



7. Жетінші қалташаның түсі қандай?

Күлгін. Жарайсыңдар, ендішн күлгін түсті қалташаның ойынын бірге ойнайық.

Алдымыздағы күннің сәулелерін түстеріне қарай орналастырамыз.



Ендеше ең соңғы доғаны сызып келеміз.

Ненің суреті шықты балалар?

-Кемпірқосақ

Түстерін реттілік бойынша айтайықшы, қәне.